Түркістан облысы

Сайрам ауданының білім бөлімі

«Қазына kz » бөбекжай-бақшасы

«Бекітемін»

«Қазына kz» бөбекжай-бақшасының

меңгерушісі

________Э.А.Бегалиева

# Ертеңгілік

Тақырыбы:

## «Бақытты балалық шақ!»



Тәрбиеші: Абдиразакова Д.

2023-2024 оқу жылы

**Жүргізуші:** Бақшаға біз гүл ексек,

Балдырғаным, сен үшін!

Бақытыңды жыр етсек,

Балдырғаным сен үшін!

Жігіт болар күні ертең,

Балдырғаным гүл еркем.

Бақытты бол, өсе бер,

Құтты болсын мерекең!

Құрметті «Қазына kz» балабақшамыздың көркі де сәні болған бүлдіршіндеріміз! Бүгінгі төл мерекелерің құтты болсын! Болашақтарың жарқын, аспандарың ашық, елімізді өркендетер, келешектің кемеңгері болыңдар демекпін.

Бәріңізді мерекемен құттықтаймыз!

Балаларымыздың орындауында ән тыңдайық.

**Ән: «Біз бақытты баламыз!»**

**Клоун кіреді.**

Балаларымыздың орындауында «Жентельмен» биін қабыл алыңыздар!

**Би: «Жентельмен» биі**

**Маша және Жолбарыс кіреді:** Қуан шаттан алақай,

Қуанатын күн бүгін.

Қайырлы таң, қайырлы күн,

Күліп шықты күн бүгін!

Сәлем достар! Көңіл-күйлерің қалай? Келіңдер бәріміз бірге бір серігіп алайық. Сендермен ойын ойнайық.

**«Шеңберге орналастыр»** ойынын ойнайды.

**Ән: «Менің досым»** (балалардың орындауында)

**Балалардың тақпақтарына кезекті берсек.**

**Досымжан:** Балалар бақшасында бүгін той,

Балаларды қорғау күні біліп қой.

Алақай-ау алақай,

Той тойлайық балақай!

**Айкөркем:** Бала бала баламыз,

Бақшамызға барамыз.

Күні бойы қызыққа,

Батамызда қаламыз.

**Камрон:** Бізбен бірге бар әлем,

Қуанады балаша.

Қуанышқа бөленген,

Өмір қандай тамаша!

**Исламбек:** Біз бақытты баламыз,

Ақылдымыз данамыз.

Ертеңгі күн еліміздің,

Батырлары боламыз.

Енді қыздарымыздың орындауындағы «Кукла»м биін қабыл алыңыздар!

**«Кукла» биі**

**Ән: «Топ-топ балақай!»**

**Би: «Ламбада»**

**Флешмоб: «До ре ми»**

Осымен бүгінгі «Бақытты балалық шақ!» аты балалар күніне арналған ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Балаларымыздың жүздерінен күлкі кетпесін. Балалардың жарқын жүздеріне қарап, олардың бұл күнді ұмытылмас естелікке айналдырғанын көріп тұрмыз. Дендерің сау болып аспанымыз ашық болсын. Балалық шақтарың бақытқа толы болсын. Балаларымыз әрқашан бақытты және қауіпсіз болсын! Барлықтарыңызға рақмет!




**«Бақытты балалық шақ!» атты ертеңгілік барысында**






1 маусым балаларды қорғау күні

«Бақытты балалық шақ!» атты ертеңгілік.






***Балаларға арналған «Бақытты балалық шақ» атты ертеңгілік барысында***

